



қызмет

көрсетіледі.

3. Парламент Палаталарының төрағалары мен олардың орынбасарларына, сондай-ақ тұрақты комитеттер төрағаларына дербес бекітілген автомашиналармен қызмет көрсетіледі.

4. Автомашиналар қызмет бабында жүріп-тұру үшін және Қазақстан Республикасы астанасының шегінде ғана беріледі.

5. Осы Ереженің 2-тармағында аталған Парламент депутаттарына айына 75 сағат мөлшерінде автокөлікті пайдалану лимиті белгіленеді.

6. Қызмет бабында жүріп-тұру үшін кезекші автомашиналар жұмыс күндері 8-ден 20 сағатқа дейін, ал 20 сағаттан кейін, оның ішінде демалыс күндері әуежайға (аэровокзалға), теміржол немесе автомобиль вокзалдарына (станцияларына) бару үшін ғана пайдаланылады.

7. Демалыс пен мереке күндері және қызмет бабынан тыс жүріп-тұру үшін автокөлік белгіленген тарифтер бойынша ақы төлеу арқылы бөлінеді.

8. Палаталар төрағаларын, олардың орынбасарлары мен тұрақты комитеттер төрағаларын қоспағанда, Парламент депутаттарын жұмыс және тұрғылықты орындарына жеткізу үшін жеңіл автомобильдер мен автобустар бөлінеді.

9. Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы автокөлік құралдарының санын, жеңіл автомобильдер мен автобустардың қозғалыс маршруттарын, автокөлікті пайдаланғаны үшін ақылы қызмет көрсету тарифтерін белгілейді және оның мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.